

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ

Бекітемін  
Қабылдау комиссиясының төрағасы  
«Шығыс Қазақстан» КЕАҚ  
Сәрсен университеті

Аманжолова

М. Төлеген

202 6 ж.



**ТҮСУ ЕМТИХАНЫ (ӘНГІМЕЛЕСУ) БАҒДАРЛАМАСЫ**

7M01201 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша магистратураға түсушілерге арналған

Өскемен, 202 6

Бағдарлама педагогикалық білім және менеджмент кафедрасының отырысында  
әзірленді және талқыланды

Хаттама № 6 от « 04 » 02 202 6 ж.

Кафедра меңгерушісі  
педагогикалық білім беру және менеджмент



Есполова Г.К.

Магистратураға түсушілерге арналған түсу емтиханының (әңгімелесудің)  
бағдарламасы Жоғары педагогика мектебінің кеңесімен талқыланып,  
ұсынылды

ПЖМ деканы  ленова

Хаттама № 7 о \_\_\_\_\_ .:

Магистратураға түсушілер үшін түсу емтиханының (әңгімелесудің)  
бағдарламасы қаралды және академиялық кеңестің бекітуіне ұсынылды

УАК төрағасы  И.В. Ровнякова

## **1. Қабылдау емтиханының (әңгімелесудің) мақсаты**

Қабылдау емтиханының (әңгімелесудің) мақсаты – талапкердің теориялық және практикалық дайындығын, кәсіби білім, білік, дағдыларының магистратурада оқуға сәйкестік деңгейін анықтау.

Әңгімелесу өткізу тәртібі екі кезеңнен тұрады:

- талапкердің білім туралы құжаттарын комиссия тарапынан талдау;
- талапкермен ауызша әңгімелесу арқылы кәсіби және тұлғалық қасиеттерін, магистратурада оқуға дайындығын бағалау.

Әңгімелесу нәтижелері белгіленген үлгідегі комиссия хаттамасымен рәсімделіп, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (немесе оның орынбасарына) тапсырылады.

Комиссия хаттамасына төраға және қатысқан барлық комиссия мүшелері қол қояды.

Хаттама әр талапкерге жеке рәсімделіп, оның жеке ісіне тігіледі.

Қабылдау емтиханының (әңгімелесудің) ұзақтығы – 30 минут, осы уақыт ішінде талапкер комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап беріп, әңгімелесуден өтеді.

Қабылдау емтиханына (әңгімелесуге) дәлелді себептермен (ауру немесе құжатпен расталған өзге жағдайлар) қатыса алмаған талапкерлер бекітілген кестеге сәйкес басқа күндері әңгімелесуге жіберіледі.

Әңгімелесу барысында талапкердің білімін нақтылау мақсатында негізгі сұрақтармен қатар, бағдарлама шеңберіндегі қосымша сұрақтар қойылуы мүмкін.

Әңгімелесу хаттамалары әңгімелесу аяқталғаннан кейін бірден қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына тапсырылады.

## **2. Әңгімелесудің құрылымы мен бағалау критерийлері**

Қабылдау әңгімелесуі офлайн форматта өткізіледі.

Әңгімелесу психологиялық- педагогикалық пәндер циклы бойынша келесі сұрақтарды қамтиды:

- бастауыш білім берудегі заманауи педагогикалық технологиялар;
- оқыту мен бағалаудағы жаңа тәсілдер;
- тұтас педагогикалық деріс теориясы мен практикасы;
- сынып жетекшісінің жұмыс әдістемесі.

## **3. Әңгімелесуді бағалау критерийлері**

Әңгімелесу рәсімі 1-қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі хаттамамен рәсімделеді, онда талапкерге қойылған сұрақтар мен әңгімелесу нәтижелері көрсетіледі.

Талапкерлерді бағалау 1-кестеге сәйкес жүргізіледі. Магистратурада оқуға өту балы – 50 балл болып табылады. Әңгімелесу бойынша қабылданған

әрбір шешімге комиссия мүшелері қол қояды. Университетке қабылданған талапкерлердің әңгімелесу хаттамалары олардың жеке істерінде сақталады.

### Кесте 1 - Әңгімелесуді бағалау критерийлері

№	Критериилер	Балл
1	Таңдалған білім беру бағдарламасы бойынша магистратурада оқуға және университетке түсуге деген уәжін дәлелдеу. Оқу аяқталған соң кәсіби және тұлғалық дамудың перспективаларын көрсету.	10
2	Белгілі бір пән саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажет зерттеушілік дағдылар мен тәжірибеге ие болу.	10
3	Берілген тақырыпты ашуда ұғымдарды дұрыс қолдану қабілеті; ұғымдар мен олардың арасындағы байланыстардың дұрыс қолданылуы; ғылыми терминдерді қолдануда қателіктердің болмауы.	20
4	Оқу материалын түсіндіру логикасы мен мазмұнында қателіктер жоқ.	20
5	Білім алушылардың айтылған мәселені түсінуі байқалады.	10
6	Материал толық, ашық баяндалған, түсініктемелері бар.	20
7	Теорияны бейнелейтін мысалдар келтірілген.	10
	<b>Барлығы</b>	<b>100</b>

Әңгімелесудің сәтті өткендігін растайтын минималды балл - 50 балл.

## Қабылдау емтиханына (әнгімелесуге) арналған сұрақтар тізбесі

### Мотивация. Зерттеушілік құзыреттілік

1. Таңдаған мамандығыңыз бойынша магистратурада табысты оқу үшін қандай негізгі дағдылар қажет деп санайсыз?
2. Теориялық білімді нақты практикалық міндеттерді шешуде қалай қолданасыз?
3. Магистратурада табысты оқуға көмектесетін қандай күшті жақтарыңыз бар?
4. Ғылым саласындағы қандай заманауи үрдістер сізді ерекше қызықтырады және не себепті?
5. Магистратурада алған білім мен дағдыларды болашақ кәсіби қызметіңізде қалай пайдалануды жоспарлайсыз?
6. Оқытушылармен және топтастарыңызбен тиімді өзара әрекеттесу үшін қандай қасиеттер қажет деп есептейсіз?
7. Кәсіби салаңызда қандай мәселені зерттегіңіз немесе шешкіңіз келеді?
8. Көшбасшылық қасиеттеріңізді көрсетуге тура келген жағдай туралы айтып беріңіз.
9. Кездескен күрделі мәселені және оны қалай шешкеніңізді сипаттап беріңіз.
10. Ғылыми жобалар аясында топпен жұмыс істеу тәжірибеңіз туралы айтып беріңіз. Әдетте қандай рөлді атқарасыз?
11. Сәтсіздіктерді қалай қабылдайсыз және олардан қандай қорытынды шығарасыз?
12. Уақытыңызды қалай ұйымдастырасыз және бірнеше міндетті қатар орындауды қалай жүзеге асырасыз?
13. Қиындықтарға қарамастан оқуды жалғастыру үшін өзіңізді қалай ынталандырасыз?
14. Оқу барысында зерттеушілік дағдыларыңызды қалай дамытуды жоспарлайсыз?
15. Магистр дәрежесін алу сіздің мансаптық мақсаттарыңызға жетуге қалай ықпал етеді?
16. Неліктен дәл біздің университетті таңдадыңыз?
17. Неліктен осы білім беру бағдарламасын таңдадыңыз?
18. Университетіміз туралы ақпаратты қалай алдыңыз?
19. Өтініш бермес бұрын қандай басқа университеттерді қарастырдыңыз?
20. Оқуды аяқтағаннан кейін өз еліңізге оралып, сонда жұмыс істеуді жоспарлайсыз ба?
21. Сіздің академиялық және мансаптық мақсаттарыңыз қандай?
22. Университетіміз бен білім беру бағдарламасы осы мақсаттарға жетуге қалай көмектеседі деп ойлайсыз?
23. Ұжымда әдетте қандай рөлді өз мойныңызға аласыз?
24. Белгілі бір жоба бойынша топтық жұмыс барысында қандай рөлді атқаруды жөн көресіз?

25. Сіздің білім беру тәжірибеңіз қандай (бакалавриат/мамандық бойынша білім, қосымша курстар, біліктілікті арттыру, өз бетіңізше тереңдетіп оқу және т.б.)?

26. Қандай жетістіктеріңіз бар (байқауларға, жобаларға, ғылыми конференцияларға қатысу, нәтижелері)?

27. Осы оқу орнына және осы білім беру бағдарламасына өтініш берудегі негізгі уәждеріңіз қандай?

28. Болашақ мансаптық жоспарларыңыз қандай (ғылыми қызмет, нақты зерттеу тақырыбы немесе қолданбалы бағытта жоғары білікті маман ретінде даму)?

29. Әлеуметтік өмірдегі белсенділігіңіз (қоғамдық ұйымдарға, студенттік өзін-өзі басқаруға, еріктілік жобаларға қатысу және т.б.).

### **Психологиялық-педагогикалық пәндер циклі бойынша сұрақтар**

1. Мектепке дейінгі педагогиканың пәні, міндеттері мен әдістері.

2. Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеудің заңдылықтары мен қағидаттары.

3. Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелік жұмыстың мақсаттары мен мазмұны.

4. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелік үдерісті ұйымдастырудың заманауи тәсілдері.

5. Мектепке дейінгі жастағы баланың тұлғалық дамуы.

6. Мектепке дейінгі балалардың құндылық бағдарларын қалыптастырудағы тәрбиешінің рөлі.

7. Мектепке дейінгі жастағы адамгершілік тәрбие.

8. Мектепке дейінгі балаларды патриоттық және азаматтық тәрбиелеу.

9. Баланы тәрбиелеуде отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның өзара әрекеттестігі.

10. Мектепке дейінгі балалармен тәрбиелік жұмыста даралық тәсіл.

11. Мектепке дейінгі жастағы мінез-құлық бұзылыстарының алдын алу.

12. Мектепке дейінгі балаларда қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

13. Мектепке дейінгі ұйымдағы заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру.

14. Мектепке дейінгі жастағы балалардың тәрбиелілік деңгейін диагностикалау.

15. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың заманауи тенденциялары.

16. Мектепке дейінгі білім берудегі білім беру технологиясы ұғымы.

17. Заманауи мектепке дейінгі технологиялардың жіктелуі.

18. Мектепке дейінгі ұйымдағы ойын технологиялары.

19. Мектепке дейінгі балалармен жұмыстағы жобалық іс-әрекет.

20. Балалардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыру технологиясы.

21. Балабақшадағы денсаулық сақтаушы технологиялар.

22. Мектепке дейінгі білім берудегі инклюзивті технологиялар.

23. Мектепке дейінгі ұйымдағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.
24. Мектепке дейінгі жастағы дамыта оқыту технологиясы.
25. Балалармен жұмыстағы ТРИЗ-технология.
26. Заманауи технологиялар арқылы танымдық белсенділікті қалыптастыру.
27. Балабақшада STEAM-білім беруді ұйымдастыру.
28. Білім беру технологияларын енгізудің тиімділігін бағалау.
29. Мектепке дейінгі балалардың тілдік дамуын қалыптастыру технологиясы.
30. Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру қызметін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдері.
31. Ойын – мектепке дейінгі жастағы жетекші іс-әрекет ретінде.
32. Ойын әрекетінің психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.
33. Мектепке дейінгі жастағы ойын түрлері.
34. Сюжеттік-рөлдік ойынның бала тұлғасын дамытудағы рөлі.
35. Дидактикалық ойындар – оқыту мен тәрбиелеу құралы ретінде.
36. Қимылды ойындар және олардың дене дамуына ықпалы.
37. Театрландырылған ойындардың сөйлеу мен қиялды дамытудағы маңызы.
38. Ойын әрекетінде коммуникативтік дағдыларды дамыту.
39. Ойын барысында әлеуметтік рөлдерді қалыптастыру.
40. Мектепке дейінгі ұйымдағы ойын ортасын ұйымдастыру.
41. Ойын әрекетін басқарудағы ересектің рөлі.
42. Ойын әрекетінің деңгейін диагностикалау.
43. Ойын – эмоциялық саланы дамыту құралы ретінде.
44. Түзету жұмысындағы ойын әдістері.
45. Мектепке дейінгі балалардың ойын әрекетін зерттеудің заманауи бағыттары.
46. Мектепке дейінгі ұйым педагогінің әдістемелік қызметінің мәні.
47. Білім беру жұмысын жоспарлаудың психологиялық негіздері.
48. Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру үдерісін жобалау.
49. Педагогикалық қызметті талдау және өзін-өзі талдау.
50. Тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.
51. Жас мамандарды әдістемелік сүйемелдеу.
52. Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру үдерісін дараландыру.
53. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту әдістері мен тәсілдерін таңдау.
54. Әдістемелік жұмыстағы психологиялық-педагогикалық диагностика.
55. Мектепке дейінгі ұйым ұжымындағы педагогикалық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру.
56. Тәрбиешінің инновациялық қызметі.
57. Рефлексия – кәсіби дамудың құрамдас бөлігі ретінде.
58. Әдістемелік жұмыста цифрлық технологияларды пайдалану.

59. Педагогтің кәсіби қызметіндегі этика.

60. Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік қызметті дамытудың заманауи бағыттары.

### ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2016. – 384 б.
2. Аймағамбетова Қ.А. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 320 б.
3. Қалиев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Дарын, 2018. – 336 б.
4. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы: Білім, 2019. – 320 б.
5. Сманов Б. Қазіргі білім беру технологиялары. – Алматы: Мектеп, 2021. – 288 б.
6. Ахметова Г.К. Мектепке дейінгі білім беру технологиялары. – Алматы: Нұр-пресс, 2020. – 256 б.
7. Эльконин Д.Б. (қаз. ауд.) Ойын психологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 280 б.
8. Жарықбаев Қ.Б. Балалар психологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 304 б.
9. Смағұлова Қ.Ж. Мектепке дейінгі жастағы балалардың ойын әрекеті. – Алматы: Дарын, 2019. – 240 б.
10. Краевский В.В., Бережнова Е.В. (қаз. ауд.) Педагогикалық зерттеудің әдіснамасы. – Алматы: Білім, 2019. – 400 б.
11. Маркова А.К. (қаз. ауд.) Кәсіби шеберлік психологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 360 б.
12. Аймағамбетова Қ.А. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі және әдістемелік қызметі. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 280 б.

*Приложение 1*

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ	НАО «Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова»
Үміткермен әңгімелесу өткізу жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы	Протокол заседания комиссии по проведению собеседования с претендентом
қ/з. Өскемен/Усть – Каменогорск	№ «___» 202__ г./ж.

Председатель комиссии \_\_\_\_\_  
(Аты жөні, ФИО)

Члены комиссии \_\_\_\_\_  
(Аты жөні, ФИО)

Претендент/үміткер \_\_\_\_\_  
(Аты жөні, ФИО)

Азаматтығы/гражданство \_\_\_\_\_

Ұлты/национальность \_\_\_\_\_

Бітірген/окончил (а) \_\_\_\_\_  
(жоғары оқу орнының атауы, бітірген жылы, наименование высшего учебного заведения, год окончания)

Академиялық дәрежесі/біліктілігі \_\_\_\_\_

Академическая степень/квалификация \_\_\_\_\_

Образовательная программа \_\_\_\_\_  
(білім беру бағдарламасының атауы, коды, код и наименование образовательной программы)

Оценка уровня подготовки по заданным вопросам -

Қойылған сұрақтар бойынша дайындық деңгейін бағалау -

№	Сұрақтар/вопросы	Баға/оценка

*По результатам собеседования комиссия считает, что уровень претендента достаточный или недостаточный и рекомендует или не рекомендует его для зачисления в число магистрантов.*

*Әңгімелесу нәтижелері бойынша комиссия үміткердің деңгейі жеткілікті /жеткіліксіз және оны магистранттар қатарына қабылдау үшін және ұсынады немесе ұсынбайды.*

Председатель комиссии	_____	ФИО
	подпись	
Члены комиссии:	_____	ФИО
	подпись	
	_____	ФИО
	подпись	
Секретарь комиссии	_____	ФИО
	подпись	